Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____**

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Жолаушылар тасымалы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

**1. Негізгі ұғымдар**

1.1. ФКС – электрондық жол жүру құжаттарын сату жүйесін автоматтандыруға және фискалдандыруға арналған, бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген, лицензиялау шарттарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға тиесілі «Mobius» фискалдандырылған компьютерлік жүйесі; Жол жүру құжаты – жолаушыны тасымалдау шартының жасалғанын куәландыратын және жолаушылар пойызында жүруге құқық беретін, қағаз немесе электрондық-цифрлық нысанда (электрондық жол жүру құжаты) ресімделетін құжат; Әмбебап бланкі – мемлекетаралық қатынаста жолаушылардың жүруін автоматтандырылған тәсілмен рәсімдеу үшін, көлік қызметтері мен әртүрлі алымдарды төлеу, қайтару операциялары үшін, сондай-ақ «электрондық тіркеусіз» мәртебесімен ресімделген электрондық билеттерді басып шығару үшін қолданылатын бланкі; Тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде жылжымалы құрамға, соның ішінде тартушы көлік құралдарына иелік ететін тұлға; Тапсырыс беруші – «Жолаушылар тасымалы» АҚ; Филиал – орналасқан жері мынадай: «Оңтүстік» (Алматы қ.), «Солтүстік» (Астана қ.), «Батыс» (Ақтөбе қ.) «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жолаушылар тасымалы жөніндегі өңірлік филиалдары, «Саяхат» (Астана қ.), «Экспресс» (Астана қ., Алматы қ., Ақтөбе қ.), «Сұңқар» (Астана қ.) филиалдары; ФБКК – термоқағазда (аудан аралық, облыс аралық қатынаста), әмбебап бланкіде (мемлекетаралық қатынаста) немесе А4 форматындағы қағазда (аудан аралық, облыс аралық және мемлекетаралық қатынастарда) электрондық жол жүру құжатын ресімдеуге және сатуға мүмкіндік беретін, ФКЖ-ға қосылған фискалдандырылған билет-касса кешені; МФБКК – термоқағазда (аудан аралық, облыс аралық қатынаста) немесе әмбебап бланкіде (мемлекетаралық қатынаста) электрондық жол жүру құжатын ресімдеуге және сатуға мүмкіндік беретін, терминалдық хаттама бойынша ФКС-ке қосылған жаңғыртылған фискалдандырылған билет-касса кешені; МТП – жолсеріктің мобильді терминалы – отырғызу талонын бере отырып, жол жүру құжаттарын ресімдеу, оқу және олардың заңдылығын тексеру жөніндегі жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесінің терминалдық жабдығы, бағдарламалық-техникалық кешені; МАП – «Mobius» жаңғыртылған агенттік қосымшасы; Электрондық жол жүру құжаттарын өткізу арналары – электрондық тәсілмен орындарға тапсырыс беруді және Тапсырыс берушінің пайдасына төлемдерді қабылдауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Тапсырыс берушінің өткізу арналары мен агенттік желілері; Тапсырыс берушінің өткізу арналары – ФБКК/МФБКК, МТП, Виртуалды касса, Тапсырыс берушіге тиесілі Интернет-сайт, мобильді қосымша; Агенттік желілердің өткізу арналары – ФБКК, Интернет-сайттар, мобильді қосымшалар, өзіне-өзі қызмет көрсету төлем терминалдары – фискалдандырылған бағдарламалық кешені бар мамандандырылған автоматтар, соның ішінде: қолма-қол және қолма-қол ақшасыз қаражатпен төлемдерді қабылдау бойынша төлем терминалдары, PointOfSale типті мамандандырылған құрылғылар, тасымалы терминалдар, Win-терминалдар, WEB-терминалдар, Интернет желісіндегі транзакцияларды авторизациялауға арналған есептік веб-сервер (төлем шлюзі) және Internet-терминалдар; Билет кассасы – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес МФБКК/ФБКК/МАП мамандандырылған терминалдық жабдықтары арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату бойынша қызметтер көрсетілетін, теміржол вокзалдарының ғимараттарында және осы ғимараттардан тыс жерлерде орналасқан жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату пункттері; Виртуалды касса — өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде (ауданаралық және облысаралық қатынастарда) электрондық жол жүру құжатын рәсімдеуге және сатуға мүмкіндік беретін бағдарламалық кешен. Клиент – жолаушылар теміржол тасымалы қызметтерін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға; Төлем интерфейсі – клиенттің электрондық жол жүру құжаттарын өткізу арнасымен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін сервис; Төлеушілер – төлем интерфейсі арқылы электрондық жол жүру құжаттарын сатып алу кезінде төлем енгізетін тұлғалар; Төлем – төлеушінің электрондық жол жүру құжаты үшін Тапсырыс берушінің пайдасына төлейтін ақшалай қаражаты; Түсім – электрондық жол жүру құжаттарын сатудан түскен ақшалай қаражат; Биллингтік жүйе – есеп айырысуларды басқару жүйесі; Агенттік желі – Тасымалдаушының жолаушылар пойыздарына электрондық жол жүру құжаттарын ресімдейтін және сататын, сондай-ақ төлем интерфейсін пайдалана отырып төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар; Сервис топ – ФКЖ, ФБКК, МФБКК, МТП жүйелерін сүйемелдеу мен қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін Орындаушының қызметкерлері; «Экспресс-3» АБЖ – Ресей Федерациясы, Мәскеу, «ВНИИЖТ» АҚ әзірлеген, жолаушылар тасымалын басқару және орындарды электрондық брондау автоматтандырылған жүйесі, Тапсырыс берушінің жолаушылар тасымалын басқару саласындағы негізгі жүйесі; «ВНИИЖТ» АҚ – бүкілресейлік теміржол көлігі ғылыми-зерттеу институты – теміржол көлігі саласындағы көлік технологияларын әзірлеу жөніндегі Ресейдегі ең ірі ғылыми-зерттеу ұйымы; АРМ ЦУС – «Жүйені басқару орталығы» автоматтандырылған жұмыс орны, оның көмегімен ССПД хаттамасы бойынша қосылған электрондық жол жүру құжаттарын өткізу арналары, сату пункттері, пойыздар, тасымалдаушылар мен филиалдар бөлінісінде қаржылық есептілікті қалыптастыру мүмкіндігі беріледі; АРМ МЦУС – «Түрлендірілген жүйені басқару орталығы» автоматтандырылған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жұмыс орны, оның көмегімен өзара әрекеттесу хаттамасы (MQ хаттамасы бойынша) арқылы қосылған электрондық жол жүру құжаттарын өткізу арналары, сату пункттері, пойыздар, тасымалдаушылар мен филиалдар бөлінісінде қаржылық есептілікті қалыптастыру мүмкіндігі беріледі; Сату аппараты – ФКЖ арқылы электрондық жол жүру құжаттарын сатуды қамтамасыз ететін мамандандырылған жабдық; Мерчант – электрондық жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату жөніндегі агенттер; Қызмет – қайтарылған электрондық жол жүру құжаттарының саны шегерілген, ресімделген электрондық жол жүру құжаттарының санынан есептелетін, бағдарламалық және аппараттық шешімдер құрамындағы автоматтандырылған фискалдандырылған компьютерлік жүйе арқылы электрондық жол жүру құжаттарын ресімдеуді және сатуды ұйымдастыру; Жүйенің тұрып қалуы (тоқтап тұруы) – барлық сату арналары бойынша бір уақытта электрондық жол жүру құжаттарын ресімдеуді, сатуды және қайтаруды ұйымдастырудың толық мүмкін еместігіне әкеп соққан, бағдарламалық және/немесе аппараттық шешімдер құрамындағы автоматтандырылған фискалдандырылған компьютерлік жүйенің жұмыс істеуінің уақытша тоқтатылуы. Өзара әрекеттесу шлюзі – хабарламалар түрінде деректерді жіберу және алу арқылы кезектердің көмегімен бірнеше платформа арасында деректерді беруге мүмкіндік беретін, қосымшалардың интеграциясын қамтамасыз ететін алмасу хаттамасы; Қор – қызметінің негізгі мақсаты меншік құқығымен өзіне тиесілі ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ ұлттық басқарушы холдингі; Артық жарна/Кем жарна – «Экспресс-3» АБЖ-де көрсетілген сома мен Орындаушы ұсынған кассалық есепте көрсетілген сома арасындағы оң немесе теріс айырма; АРМ «Возврат» – жолаушыға бұрын ҚТЖ интернет-сайты арқылы сатып алынған және билет кассалары арқылы қайтарылған, сондай-ақ күту парағы, МФБКК және МАП арқылы сатып алынған пайдаланылмаған жол жүру құжаттары (билеттері) үшін ақшалай қаражатты қайтару жүзеге асырылатын автоматтандырылған жұмыс орны; ҚТЖ сайты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жолаушылар порталы» автоматтандырылған жүйесі (bilet.railways.kz); Жетіспеушілік – жолаушыдан/жөнелтушіден іс жүзінде өндіріліп алынған сома мен жол жүру/тасымалдау құжаттары бойынша тиесілі сома арасындағы айырма; Кем шығыс (начет) – айыпты тұлғаға қойылған, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның кірістерін жоғалтуға әкеп соққан тиісінше әрекет етпеу салдарынан болған жетіспеушілік/кем жарна сомасы.

## 2. Шарттың мәні

2.1. Орындаушы бағдарламалық және аппараттық шешімдер құрамындағы автоматтандырылған фискалдандырылған компьютерлік жүйе арқылы электрондық жол жүру құжаттарын ресімдеуді және сатуды ұйымдастыру, сондай-ақ оны сүйемелдеу бойынша қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) сатып алынатын Қызметтер тізбесіне (№1 қосымша) және Техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және олар үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Орындаушының Қызметтерді көрсету кезеңі: Қызметтерді көрсетудің басталу күні: 2027 жылғы "01" қаңтардан бастап Қызметтерді көрсетудің аяқталу күні: 2030 жылғы «31» желтоқсанды қоса алғанда.

## 3. Шарт сомасы және төлем шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.1.1. Шарттың жалпы сомасы мына кезеңдегі көлемді қамтиды: - 2027 жылы ҚҚС есепке алғанда _____ теңге (сатылған ____ электрондық жол жүру құжаты); - 2028 жылы ҚҚС есепке алғанда _____ теңге (сатылған ____ электрондық жол жүру құжаты); - 2029 жылы ҚҚС есепке алғанда _____ теңге (сатылған ____ электрондық жол жүру құжаты); - 2030 жылы ҚҚС есепке алғанда _____ теңге (сатылған ____ электрондық жол жүру құжаты);

3.2. Орындаушы көрсететін Қызметтердің бірлік құны ҚҚС есепке алғанда ___ теңгені құрайды.

3.3. Сатылған электрондық жол жүру құжаты деп «Экспресс-3» АБЖ деректеріне сәйкес, қайтарылған электрондық жол жүру құжаттарын шегергендегі, жол жүру құжатын сату және оған ақы төлеу фактісін растайтын мәртебесі бар жол жүру құжаты (билеті) есептеледі.

3.4. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.5. Шарт бойынша ақы төлеу:

3.5.1. Ақы төлеу қызметтерді іс жүзінде көрсету нәтижелері бойынша ай сайын Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.5.2. Есепті жылдағы соңғы жұмыс істелген күнтізбелік ай үшін ақы төлеу 3.6-тармақтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Орындаушы құжаттар тізбесіне қоса осы Шартқа №3 қосымшаға сәйкес жұмыс істелген есепті жыл/кезең (осы есепті жылдың соңғы жұмыс істелген немесе күнтізбелік айын қоса алғанда) үшін көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлеміне ішкі елдік құндылық туралы есепті де ұсынады.

3.6. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

3.6.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

3.6.2. Тапсырыс беруші мен Тапсырыс беруші филиалдарының кіріс-транзиттік шоттарына есептелген түсім бойынша салыстыру актісі;

3.6.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

3.6.4. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына сәйкес «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазылған электрондық нысандағы шот-фактура;

3.7. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

3.8. Тапсырыс беруші төлем құжаттарының топтамасын Орындаушының дер кезінде ұсынбауымен/қол қоймауымен байланысты төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

3.9. Қызметтер толық көлемде көрсетіліп аяқталғаннан кейін Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды.

3.10. Осы Шарттың жалпы сомасы Орындаушының барлық салықтық міндеттемелерін қамтиды.

3.11. Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, Тапсырыс беруші төленуге тиіс Шарттың жалпы сомасынан төлем көзінен салық салынуға тиіс кірістерге салынатын корпоративтік табыс салығын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстап қалады. Егер Орындаушы Шарттың 4.3 және 4.4-тармақтарының талаптарын (олар қолданылатын жағдайда) орындаса, корпоративтік табыс салығы ұстап қалынбайды.

3.12. Төлем валютасы: теңге.

## 4. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

4.1. Орындаушы Шарттың №1 қосымшаларына сәйкес қызмет көрсету орны бойынша және мерзімінде көрсетуге міндетті.

4.2. Тапсырыс беруші Қызметтерді көлемі мен сапасы бойынша Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес көрсетілген қызметтер актісімен қабылдайды. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күн Қызметтерді көрсету күні деп есептеледі.

4.3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Орындаушы резиденті болып табылатын елдің Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) Қазақстан Республикасының табыс салығынан босату жөніндегі ережелері қолданылатын жағдайда – Тапсырыс берушіге мыналарды ұсынуға міндеттенеді:

4.3.1. Орындаушының резиденттігін растайтын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген ресми құжат (бұдан әрі – резиденттік сертификаты), сондай-ақ құрылтайшылық құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе Орындаушының құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетілген сауда тізілімінен үзінді көшірмелер (бұдан әрі – құрылтайшылық құжаттар). Резиденттік сертификаты: - Шарт бойынша жұмыстарды/қызметтерді қабылдау және/немесе оларға ақы төлеу жүзеге асырылған барлық кезеңдер үшін Орындаушының резиденттігін мынадай тәсілдермен растауға тиіс: резиденттік кезеңі ретінде тиісті күнтізбелік/қаржылық жылды көрсету арқылы немесе резиденттіктің күнтізбелік/қаржылық жылы көрсетілмей – мұндай жағдайда резиденттік сертификатына қол қойылған күн Шарт бойынша жұмыстарды/қызметтерді қабылдау және/немесе оларға ақы төлеу жүзеге асырылған барлық күнтізбелік жылдарға сәйкес келуге тиіс. - Орындаушы тарапынан осындай ақы төлеу және/немесе қабылдау күндері сәйкес келетін әрбір күнтізбелік жылда шарт бойынша жұмыстарды/қызметтерді қабылдаудың және/немесе оларға ақы төлеудің (қайсысы бұрын басталатынына байланысты) бірінші күнінен кешіктірілмей ұсынылады. Құрылтайшылық құжаттарды Орындаушы осындай ақы төлеу және/немесе қабылдау күндері сәйкес келетін әрбір күнтізбелік жылда Шарт бойынша жұмыстарды/қызметтерді қабылдаудыңния және/немесе оларға ақы төлеудің (қайсысы бұрын басталатынына байланысты) бірінші күнінен кешіктірілмей ұсынады.

4.3.2. Конвенцияның 5-бабының ережелеріне сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеменің жоқтығы туралы ақпарат. Егер заңнамада белгіленген мерзімде Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің бар екені анықталса, соның ішінде болашақта әртүрлі фискалдық (уәкілетті) органдардың тексерулер жүргізуі барысында анықталған жағдайда, Орындаушы Орындаушының осы тармаққа сәйкес ұсынған ақпаратының анық еместігіне байланысты Тапсырыс берушіде төлеу жөніндегі міндеттемелері туындайтын салықтарды, айыппұлдар мен өсімдіктерді Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

4.4. Орындаушы Конвенцияның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрған жағдайда – мұндай тұрақты мекемені Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес тіркеуге және Тапсырыс берушіге тиісті растаушы құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.5. 4.3 және 4.4-тармақтардың қолданысы тек бейрезиденттерге ғана қолданылады.

4.6. Тапсырыс берушінің Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күні Қызметтерді көрсету күні болып есептеледі. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес және Шартқа №1 және №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша Қызметтерді көрсетеді.

## 5. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

5.1. Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді екі түрде енгізеді:

5.1.1. Түсімді қайтаруды қамтамасыз ету

5.1.2. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

5.2. Түсімді қайтару бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, Орындаушы Тараптар осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің осы Шарттың 19-бөлімінде көрсетілген есеп айырысу шотына кемінде 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге мөлшерінде ақшалай қаражат немесе осы Шартқа №5 қосымшаға сәйкес осы сомаға банктік кепілдік енгізуге міндетті. Барлық өткізу арналары арқылы электрондық жол жүру құжаттарын сатудан түсетін күнделікті түсімнің сомасы (ресімдеу және сату кезіндегі ақшалай қаражат Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына тікелей түспейтін арналар) түсімді қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан аспауға тиіс. Төлем сомасына немесе банктік кепілдікке сыйақы есептелмейді. Операцияларды есепке алу ағымдағы күннің Астана қаласы уақыты бойынша сағат 00.00-ден 23.59.59-ға дейін қабылданған Төлемдердің күнтізбелік күні шеңберінде жүзеге асырылады.

5.3. Орындаушы Тараптар осы Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарттың 19-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына ақша аудару немесе қолданылу мерзімі Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәтке дейін болатын банктік кепілдікті ұсыну арқылы осы Шарттың 5.1.2-кіші тармағында көзделген, бір тиісті жылға арналған осы Шарт сомасының 3% (үш пайызы) мөлшеріндегі Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізуге міндетті. Әрбір келесі жылда жоғарыда аталған қамтамасыз ету тиісті жылдың 25 желтоқсанына дейін ұсынылады, оның қолданылу мерзімі Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған немесе кезекті қамтамасыз етуді енгізген сәтке дейін болады.

5.4. Тапсырыс берушінің Шарттың 5.1-тармағында көзделген Шарттың орындалуын қамтамасыз етулерді алуы мүмкін болмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жаңа банктік кепілдікті ұсынуға міндетті.

5.5. Орындаушы осы Шарттың 5.2 және 5.3-тармақтарын орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін Орындаушыға төленуге тиісті сомадан Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомаларын акцептсіз тәртіппен ұстап қалады.

5.6. Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етулерді Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қайтаруға тиіс.

5.7. Орындаушы міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген орындауды қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған шығындарды ұстап қалуға құқылы. Қамтамасыз етулердің қалған сомасы Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған, сондай-ақ ол Шарт талаптарының жол берілген және жойылуы мүмкін бұзушылықтарын (осындай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) жойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оны Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) Тізбесіне енгізбестен Орындаушыға қайтарылады. Бұл ретте, Орындаушы айыппұл санкцияларын өз бетінше толық төлеген жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етулерді ұстап қалмайды және Орындаушы Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) Тізбесіне енгізілмейді.

## 6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

6.1. Орындаушы:

6.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

6.1.2. Чат в режиме ИИ: привет, переведи на каз яз Обеспечить качественное оказание Услуг, предусмотренных в пункте 2.1. раздела 2 настоящего Договора и Приложения №2 к Договору, а также соблюдать требования Регламентов, Технологий, предусмотренных в подпункте 6.1.30. настоящего Договора. привет, переведи на каз яз Обеспечить качественное оказание Услуг, предусмотренных в пункте 2.1. раздела 2 настоящего Договора и Приложения №2 к Договору, а также соблюдать требования Регламентов, Технологий, предусмотренных в подпункте 6.1.30. настоящего Договора. Осы Шарттың 2-бөлімінің 2.1-тармағында және Шарттың №2 Қосымшасында көзделген Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Шарттың 6.1.30-тармақшасында көзделген Регламенттер мен Технологиялардың талаптарын сақтау

6.1.3. Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарт бойынша

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қызметтерді көрсету барысы туралы Тапсырыс беруші айқындайтын нысан мен мерзімдерге сәйкес есеп ұсыну.

6.1.4. Тапсырыс берушіден тиісті жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілген Қызметтердегі анықталған бұзушылықтарды немесе кемшіліктерді өтеусіз жою.

6.1.5. Шарт жасалғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жүйелер арасындағы дұрыс өзара байланысты растайтын, «Экспресс» АБЖ-мен (автоматтандырылған басқару жүйесімен) сұрауларды тестілеу нәтижелері қамтылған файлды ұсыну.

6.1.6. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс есептелген/өткізу бойынша айналым алынған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындау.

6.1.7. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс есептелген/өткізу бойынша айналым алынған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін 5 деңгейге дейінгі өз контрагенттерінің басқа шарттар, мәмілелер бойынша салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындауын қамтамасыз ету

6.1.8. Орындаушы жасасатын шарттарға Орындаушы контрагентінің және оның 5 деңгейге дейінгі контрагенттерінің жасасылған шарттың/шарттардың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс есептелген/өткізу бойынша айналым алынған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісті түрде орындау міндеттемесіне қатысты талаптарды енгізу

6.1.9. Барлық агенттік өткізу арналары арқылы сатып алу кезінде электрондық жол жүру құжаттарын ресімдеу мен сатуды ұйымдастыруды, сондай-ақ қолма-қол ақша салатын немесе банк картасымен төлейтін тұлғалардан төлемдерді қабылдауды жүзеге асыру, бұл ретте Орындаушы электрондық жол жүру құжаттарын ресімдеу мен сатуды дербес жүзеге асыра алмайды және қолма-қол ақша салатын немесе банк картасымен төлейтін тұлғалардан төлемдерді қабылдай алмайды

6.1.10. Клиенттерге/Төлеушілерге жолаушылар поездарындағы бос орындардың бар-жоғы, қозғалыс кестесі және электрондық жол жүру құжаттарының құны туралы ақпарат беру.

6.1.11. Төлем қабылданған күннен кейінгі күннің сағат 09:00-ден кешіктірмей Тапсырыс берушіге және Тапсырыс берушінің филиалдарына барлық өткізу арналары бөлінісінде қабылданған төлемдердің тізілімін тәулік сайын (мамандандырылған АЖО арқылы электрондық түрде немесе деректерді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып, Excel форматында) ұсыну. Тізілім толық күнтізбелік тәулік үшін (Астана қ. уақыты бойынша сағат 00:00:00-ден 23:59:59-ға дейін) қалыптастырылуы және осы Шартқа №6 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалуы тиіс

6.1.12. Орындаушының банк шотына түскен электрондық жол жүру құжаттарын сатудан түскен түсім сомасын толық көлемде өз есебінен 2 (екі) жұмыс күні ішінде (демалыс және мереке күндерін қоспағанда), төлем тапсырмаларында өткізу арнасын, күнін және сомасын көрсете отырып, Тапсырыс беруші филиалдарының кіріс-транзиттік шоттарына аудару. Банк жүйесінде іркіліс болған және/немесе Орындаушының кінәсінен тыс Орындаушының банк шоттарына тыйым салынған жағдайда, түсімді аудару мерзімдері 3 (үш) банктік күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл ретте Орындаушы 1 (бір) банктік күн ішінде осындай мән-жайларды растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті

6.1.13. Есепті айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің филиалдарының кіріс-транзиттік шоттарына есепке жазылған түсім бойынша осы Шартқа №7 Қосымшада көрсетілген нысан бойынша салыстыру актісін жасай отырып, Тапсырыс берушінің филиалдарымен есеп айырысуларды салыстыруды жүргізу

6.1.14. Орындаушы Тапсырыс беруші филиалдарының кіріс-транзиттік шоттарына аударылуға жатпайтын сомаларды қате есепке жазған (артық жарна) жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге хабарлама жібереді, оның негізінде Тапсырыс беруші өзінің шотына қате есепке жазылған сомаларды 5 (бес) банктік күн ішінде Орындаушыға қайтаруды жүзеге асыруға немесе алдағы түсімдер есебіне есепке жатқызуға міндеттенеді

6.1.15. Осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, 2 (екі) жұмыс күні ішінде (инкассация графигіне қарамастан) түсімді толық көлемде Тапсырыс беруші филиалдарының кіріс-транзиттік шоттарына аудару

6.1.16. - өзара байланыс шлюзі арқылы ФКС «Мобиус» пен «Экспресс-3» АБЖ арасындағы ақпараттық өзара байланысты қамтамасыз етуді, сондай-ақ «Бүкілресейлік теміржол көлігі ғылыми-зерттеу институты» АҚ (АО «ВНИИЖТ») қолданылатын нормалары мен стандарттарына сәйкес осындай өзара байланыстың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді; - Тапсырыс берушінің өткізу арналары мен МТП-сын ФКС «Мобиус» қосуды , виртуалды кассаны қоспағанда; - билет кассаларын техникалық қызмет көрсетумен, жөндеумен, шығыс материалдарымен (соның ішінде термоқағазбен және әмбебап бланкілермен), сондай-ақ Тапсырыс берушінің аз жұмыс істейтін станцияларында орналасқан билет кассаларын және МТП -лерді мобильді байланыспен және шығыс материалдарымен қамтамасыз етуі№

6.1.17. Агенттік желілердің өткізу арналарының тізбесін олардың санын, орнатылған жерін және сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ай сайын ұсыну

6.1.18. Тапсырыс беруші электрондық жол жүру құжаттарын рәсімдеу мен сатуды ұйымдастыру барысында анықталған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бұзушылықтарды жою туралы өтініш білдірген жағдайда, оларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде жою және жою туралы есепті ұсыну.

6.1.19. Тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ФКС бағдарламалық жасақтамасының клиенттік бөлігінің қосымша талап етілетін бағдарламалық-техникалық және технологиялық бөлігін пысықтау. Техникалық себептер бойынша пысықтау мүмкін болмаған жағдайда, келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пысықтау жоспарын ұсыну

6.1.20. Есепті айдан кейінгі айдың 2 (екінші) күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс беруші филиалдарының кіріс бөліміне осы Шартқа №8 қосымшада көрсетілген нысан бойынша ФКС, ВН-САЙТЫ-Б, МАП бөлінісінде жасалатын ФО-8 нысанды кассалық есепті ұсыну Орындаушы Тапсырыс беруші филиалдарының ГУО/ОГУО-на «Экспресс» АБЖ жүйесіне ақпаратты енгізу үшін МАП-та жұмыс істейтін барлық агенттік желілер бойынша есепті айдан кейінгі айдың 2 (екінші) күніне дейінгі мерзімде Шартқа №9 Қосымшаға сәйкес ФО–8 нысанды кассалық есептерге түсіндірмелерді ұсынады

6.1.21. Тапсырыс беруші ФКС пен «Экспресс» АБЖ арасындағы қаржылық көрсеткіштердің сәйкес келмеушілігін, соның ішінде жүйедегі іркіліс жағдайлары бойынша анықтаған кезде 3 (үш) күн мерзімде Тапсырыс берушіге жазбаша қорытынды ұсыну

6.1.22. Электрондық жол жүру құжаттарын тәулік сайын сатудың осы Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген Түсімді қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан асып кетуіне жол бермеу

6.1.23. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарының орындалуына байланысты мәселелер бойынша Тапсырыс беруші айқындайтын нысан мен мерзімдерге сәйкес статистикалық, қаржылық есептерді ұсыну

6.1.24. Жолаушыларға қызмет көрсету мәдениетін арттыру бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін Тапсырыс берушіні электрондық жол жүру құжаттарын сатуға байланысты жолаушылардың барлық талаптары туралы белгіленген тәртіппен хабардар ету

6.1.25. 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI "Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі" 76-бабының 1-тармағында көрсетілген мерзімдер ескеріле отырып, Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде Тапсырыс берушіге келіп түскен және Орындаушының қарауына берілген жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды қамтамасыз ету.

6.1.26. Электрондық жол жүру құжаттарын "қайта сатуға" байланысты фактілерді анықтау мен олардың жолын кесуде Тапсырыс берушіге жәрдем көрсету

6.1.27. Шарттық міндеттемелерді орындау барысында алынған Тапсырыс берушінің ақпаратының сақталуын, сондай-ақ электрондық жол жүру құжатын ресімдеу кезінде енгізілетін азаматтардың дербес деректерінің сақталуын қамтамасыз ету және оларды үшінші тұлғаларға бермеу

6.1.28. Сату пункттерінің осы Шарттың және Шартқа №2 Қосымшаның (Техникалық ерекшеліктің) талаптарына сәйкес тиісті түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету

6.1.29. Орындаушының кінәсінен ФКС- тің тұрып қалуына жол берілген және соның салдарынан электрондық жол жүру құжаттарын сату мен ресімдеу тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс берушінің билет кассалары бар барлық теміржол вокзалдарында 1 (бір) сағат ішінде жол жүру құжаттарын қолмен ресімдеу технологиясына көшуді қамтамасыз ету

6.1.30. Осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушінің Қызметке қоятын талаптарына сәйкес келуі тиіс, Қызметтерді көрсету үшін қажетті барлық операцияларды, іс-қимылдар алгоритмін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, мынадай Регламенттерді, Технологияны және Талаптарды әзірлеу және екіжақты тәртіппен қол қою: • Колл-орталық қызметінің регламенті; • Аналитика қызметіиің регламенті; • Мониторинг қызметінің регламенті; • Төлемдер қызметінің регламенті; • Шығыс материалдарын жеткізу регламенті; • Жабдыққа кепілдікті және кепілдіктен тыс қызмет көрсету жағдайларында жабдықты қалпына келтіру бойынша Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы өзара іс-қимыл регламенті; • Топтық операцияларды басқару бойынша Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасындағы өзара іс-қимыл регламенті; • Бастапқы кодты беру бойынша Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы өзара іс-қимыл регламенті; • ҚҚЖ-ні бағдарламалық және технологиялық сүйемелдеу процесінде МФБКК/ФБКК/МАП жұмысында іркіліс жағдайлары туындаған кезде Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасындағы өзара іс-қимыл регламенті; • «Мобиус» фискалдық компьютерлік жүйесінің дерекқорларын резервтік көшіру/қалпына келтіру туралы регламент; • Қызмет көрсету деңгейі туралы келісімге (Service Level Agreement) қойылатын талаптар; • Фискалдық компьютерлік жүйе және «Экспресс» АБЖ көмегімен жол жүру құжаттарын қайтару технологиясы. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жою, ұсынылған Регламенттердің жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Тараптар қол қойған Регламенттер осы Шарттың ажырамас бөлігі деп есептелсін

6.1.31. Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге әмбебап бланкінің үлгісін, оған Достастыққа мүше мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңесі бекіткен Халықаралық жолаушылар қатынасы туралы келісімнің (ХЖҚҚ/ОП СМПС) жол жүру және тасымалдау құжаттары бланкілерінің Альбомында әмбебап бланкіге қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы «Бүкілресейлік теміржол көлігі ғылыми-зерттеу институты» АҚ (АО «ВНИИЖТ») қорытындысын қоса бере отырып ұсыну.

6.1.32. Тапсырыс берушінің көшпелі зерттеу жүргізу күніне қарай осы Шартқа №2 Қосымшаның (Техникалық ерекшеліктің) 12.5-тармағында көрсетілген көлемде әмбебап бланкілердің болуын қамтамасыз ету

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.33. Тараптар орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беру

6.1.34. Қосымша орындаушы (орындаушылар) тартылған жағдайда, Шартқа №4 қосымшаға сәйкес ол (олар) туралы ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың 20 күні ішінде ұсыну

6.1.35. Жабдыққа кепілдікті және кепілдіктен тыс қызмет көрсету жағдайларында жабдықты қалпына келтіру бойынша Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы өзара іс-қимыл регламенттеріне сәйкес қызметтер көрсету

6.1.36. Тартылған тараптар тарапынан Тапсырыс берушіге нұқсан келтіретін алаяқтық әрекеттер мүмкіндігін болдырмай отырып, Топтық операцияларды басқару бойынша Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасындағы өзара іс-қимыл регламенті жұмысының толық ашықтығын қамтамасыз ету.

6.1.37. Барлық қосымша мердігерлер мен үлестес тұлғалар бойынша ақпараттың ашылуын қамтамасыз ету, түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуіне тексеру жүргізу

6.1.38. Жолаушылар тасымалы“ АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген жол жүру, тасымалдау құжаттарын, әртүрлі алымдар түбіртектерін, МД–4 нысанды жергілікті кірістер түбіртектерін және ЛУ–9в нысанды түбіртектерді тиісті түрде ресімдемеу фактілері анықталған кезде начеттерді қою және өтеу қағидаларының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету

6.1.39. Қаржылық және статистикалық есептілікте ФО–8 нысанды кассалық есептерде көрсетілген сомамен сәйкессіздіктер анықталған және Орындаушының агенттік желілерінің билет кассирлері жіберген бұзушылықтар табылған жағдайда, Тапсырыс беруші қойған кем төленген сомалар мен ақшалай айыппұлдарды 15 жұмыс күні ішінде өтеу.

6.1.40. ҚР Салық кодексінің және Фискалдық деректер операторымен (ФДО) жасалған шарттың талаптарына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына фискалдық деректердің үздіксіз берілуін қамтамасыз ету.

6.1.41. Шарттың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының азаматтары жұмыспен қамтылған бар жұмыс орындарының сақталуын қамтамасыз ету.

6.1.42. ESG принциптерін сақтай отырып, қызметкерлер үшін тиісті салалық орташа жалақы деңгейін қамтамасыз ету.

6.1.43. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

6.1.43.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

6.1.44. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

6.1.45. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

6.1.46. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

6.1.47. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

6.1.48. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

6.1.49. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

6.1.50. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

6.1.51. Қызметтерді көрсету процесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, соның ішінде еңбекті қорғау,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы, сондай-ақ Тапсырыс беруші Исполнительге (Орындаушыға) қабылдау-тапсыру актісі бойынша берген Тапсырыс берушінің объектілеріндегі өндірістік қауіпсіздік саласындағы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы аясындағы стандарттардың, регламенттердің, нұсқаулықтардың және өзге де актілердің талаптарын сақтау

6.1.52. Тапсырыс беруші Мердігер өкілдеріне өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің талаптарын түсіндіру мақсатында ұйымдастырған бағдарлау кеңесіне (установочное совещание) қатысу және онда қабылданған шешімдерді орындау

6.1.53. Өндірістік қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Шарттың талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді, соның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша тоқтата тұру. Бұл жағдайда жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру Орындаушының кінәсінен болған бос тұрып қалу (простой) болып табылады

6.1.54. Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілген тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған өндірістік қауіпсіздік саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету әрекеттерін әзірлеу және орындау

6.1.55. Өзінің қызметкерлерін және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік қызметіне кіріспе нұсқамадан (инструктаж) өту үшін жіберу

6.1.56. Қызмет көрсету объектісінде жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

6.1.57. Ең аз уақыт ішінде, бірақ 24 сағаттан асырмай, Тапрысыс берушінің объектілерінде қызмет көрсету кезінде орын алған барлық жазатайым оқиғалар, инциденттер, авариялар, Орындаушының табиғат қорғау заңнамасын бұзу жағдайлары туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету;

6.1.58. Оқиғалардың себептеріне тергеп-тексеру ұйымдастыру және жүргізу, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ресімдеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сонымен қатар уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін қосу;

6.1.59. Тапсырыс берушінің жазбаша талабы бойынша Орындаушының өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартқа 12-қосымшаға сәйкес Орындаушының Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстарды орындауы кезіндегі өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесіне сәйкес айқындалатын тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) Тапсырыс берушіге төлеу

6.1.60. Өзінің қызметкерлерін, осы Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін тартылатын үшінші тұлғаларды Тапсырыс берушіден алынған, қызмет көрсету объектісінде қолданылатын Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы стандарттарымен, регламенттерімен, нұсқаулықтарымен және өзге де құжаттарымен қол қойғызып таныстыру

6.1.61. Тапсырыс беруші белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде Тапсырыс берушіге өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы ақпаратты ұсыну

6.1.62. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туралы, Тапсырыс берушінің Шартты орындау тәсілі туралы нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдарлары туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге хабарлауға міндетті

6.1.63. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою

6.1.64. Осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін рұқсат беру құжаттарының, авторлық құқықтар мен лицензиялардың болуы (Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай талаптар белгіленген жағдайда көрсетіледі

6.1.65. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсету. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушінің келісімі бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды баламалы мамандарға ауыстыра алады

6.1.66. Тапсырыс берушіден сұрау салу алынған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге 4-қосымшаға сәйкес қосымша орындаушылар бойынша және үлестестік бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сиңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сиңлілері (қарындастары), ата-аналары, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күннен бастап тіркеу өзгерістерін көрсете отырып ұсыну

6.1.67. Осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қойылатын өзінің ақшалай талабын ақшалай талапты беруді қаржыландыру шарты (факторинг) (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша қаржы агентіне бермеуге

6.1.67.1. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды ұсыну: - Факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін; - Жеткізуші/

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушы/ Мердігер тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды.

6.1.68. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген төлем қызметтерін көрсетуге рұқсат (құқық) беру үшін екінші санаттағы төлем ұйымының есептік тіркеуден өткені туралы хабарламаны ұсыну.

6.1.69. Тапсырыс берушіге «Мобиус» ФКС-ті сүйемелдеу, оған қызмет көрсету және кез келген өзгерістер енгізу шеңберінде Орындаушы қолданатын ішкі АТ-бақылаулардың жұмыс істеу тиімділігінің кепілдіктерін ұсыну. Орындаушы аталған бақылаулардың Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде бизнес-процестердің үздіксіздігін, рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды, фискалдық деректердің өзгермейтіндігін және операциялық тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ететініне кепілдік береді.

6.1.69.1. «Mobius» ФКС-не қатысты қолданылатын ішкі АТ-бақылаулар жүйесінің (ақпараттық қауіпсіздікті, өзгерістерді басқару және сервистердің қолжетімділігін қамтамасыз ету процестерін қоса алғанда) тиімділігіне өз есебінен тәуелсіз сыртқы аудит жүргізілуін қамтамасыз ету және Тапсырыс берушіге ISAE 3402 Type II және/немесе SOC 2 Type II халықаралық стандарттары (немесе Тапсырыс берушімен алдын ала келісілген баламалы халықаралық стандарттар) бойынша тәуелсіз аудитордың тиісті Есебін ұсыну.

